

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданының Екпін ауылдық округінің "Атахан" қыстағына шектеу іс шараларын белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 08 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 18 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қыркүйекте № 29401 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 21 шілдедегі №455 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Жылқы малдары құтырық ауруы ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралар жүргізілуіне байланысты, Тарбағатай ауданының Екпін ауылдық округінің "Атахан" қыстағының аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 08 "Тарбағатай ауданының Екпін ауылдық округінің "Атахан" қыстағына шектеу іс шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4013 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Тарбағатай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Екпін ауылдық округінің әкімі

А. Караталов